

ӘОЖ 355.1(574):616.99

**КОРОНАВИРУСПЕН КҮРЕСУДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ  
КӘСПОРЫНДАРДЫҢ РӨЛІ**

**Бауржанұлы Әділхан**

[Adilhan55@mail.ru](mailto:Adilhan55@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
журналистика және саясаттану факультетінің саясаттану кафедрасының 1- курс  
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*Ғылыми жетекшісі - с.ғ.к., доцент Жанпейісова Қарғаш Далелханқызы*

2020 жыл - жаңа пандемияның басталған жылы. «Пандемия» сөзінің мәнін ашатын болсақ, бұл мемлекеттерде, континенттерде таралатын ерекше күшті індет; эпидемиялық процесс дамуының жоғары деңгейі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының критерийлері бойынша пандемия – бұл жаңа аурудың әлемдік масштабтарда таралуы [1]. Қазіргі күнде әлемнің бүкіл материгіне жайылып кеткен COVID-19 (ағыл. COrona Virus Disease2019) коронавирустік инфекциясы - SARS-CoV-2 (ағыл. Severe acute respiratory syndrome coronavirus 2) вирусынан туындаған ауыр өткір респираторлық инфекция болып табылады. Бұл инфекция алғаш рет 2019 жылдың 31 желтоқсанында Қытайдың Ухань қаласында тіркелді. ДДСҰ мәлімдемесі бойынша 11 наурыз күні вирустың таралуы пандемия сипатына ие болды, 13 наурыз күні Еуропа оның орталығына айналды [2].

Коронавируске сипаттама беретін болсақ, бұл қауіпті ауру, ол жеңіл ағымның өткір респираторлық вирустық инфекциясы формасында және ауыр формасында да өтуі мүмкін, оның ерекше асқынуы өткір респираторлық дистресс-синдромын немесе тыныс алу тапшылығын тудыратын вирустық пневмонияны қамтуы мүмкін. Бір қызығы, COVID-19 басқа коронавирустар сияқты қатерлі емес. Бұл коронавирустан шамамен 4% қайтыс болады және бұл негізінен қарт адамдар немесе иммунитеті жағдайын туғызатын аурулары бар адамдар. Балалар сирек ауырады. COVID-19 қауіпті қасиеттеріне нашар көрінген симптоматика және инфекцияның жоғары жұққыштығы жатады. Таралу жолдары: ауа-тамшылы, ауа-шаңды, байланыстық. Таралу факторлары: ауа (негізгі), вируспен контаминацияланған азық-түлік өнімдері мен тұрмыстық заттары [3].

COVID-19 тіркелген мемлекеттердің басты міндеті – инфекцияның таралуына жол бермеу және ауырып жатқан азаматтарды емдеу болып табылады. Сонымен қатар, әлемнің медициналық зерттеу орталықтары коронавирусты емдеуге бағытталған вакцинаны жасау процесінде. Қазақстандағы коронавирус алғаш рет 13 наурыз күні тіркелді. Ел ішінде вируспен ауырып жатқандардың ресми саны 450 адамнан асты. Қазіргі уақытта коронавируспен медициналық қызметкерлер, коммуналдық кәсіпорындар, полиция, ҚР Қарулы Күштері мен Ұлттық Ұлан сарбаздары күрес жүргізуде. Аурудың таралуын болдырмау мақсатында 2020 жылдың 16 наурызы мен 15 сәуірі аралығында елде төтенше жағдай енгізілді: елге кіруге және елден шығуға шектеулер қойылды, барлық аймақтарда карантиндік немесе басқа шектеу шаралары енгізілді, азық-түлік емес сауда нүктелерінің, кинотеатрлардың, білім беру мекемелерінің және басқа да халық көп жиналатын орындардың жұмыс істеуі тоқтатылды [4].

Қарулы Күштердің биологиялық қорғаныс бөлімшелерінің әскери қызметшілері төтенше жағдай жарияланған алғашқы күннен бастап Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда мен Тараз қалаларында орналасқан мектептерді, балабақшаларды, медициналық мекемелерді, сауда орталықтарды, базарларды, мешіттерді, теміржол вокзалдарын, ғимараттардың іргелесіндегі аумақтарды, тротуарларды, қоғамдық көлік аялдамаларын, бульварларды, саябақтарды және т.б. жерлердің залалсыздандыру жұмыстарына қатысуда. Залалсыздандыру үшін «Рубеж» дезинфекциялық ерітіндісі бар индивидуалдық газсыздандыру комплекттері, арнайы жуғыш құралдары қолданылады. Ерітінді адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз және 5 сағатқа дейін әсерін тигізеді [5]. Коронавирус індеті кеңінен таралған елдерде медициналық қызметкерлерге көмектесу үшін әскери қызметкерлерді шақыру практикасы бар.

COVID-19 инфекциясымен күресуге Қазақстанның әскери кәсіпорындары мен олардың әскери өнімдері де өз үлесін қосуда. Солардың бірі - дезинфекцияға қажетті реагенттердің қорын қамтамасыз ететін «АРС-14КЗ» автоқұю станциясы. Бұл техника Орал қаласында орналасқан «УральскАгроРемМаш» акционерлік қоғамында шығарылады. АРС-14КЗ - бұл тактикалық-техникалық сипаттамалары бойынша заманауи болып табылатын автоқұю станциясы. Техника КамАЗ-43118 базалық шассиде құрастырылады. Экипаж: командир, дегазатор-химик, жүргізуші. Қызметтері: қаруды, әскери техниканы мен транспорттық құралдарды газсыздандыру, дезактивациялау және дезинфекциялау; аймақты газсыздандыру және дезинфекциялау; сұйықтықтарды және газсыздандыру, дезактивациялау, дезинфекциялау заттектері мен рецептураларын дайындау, тасымалдау, уақытша сақтау; суды және сулы газсыздандыру, дезактивациялау, дезинфекциялау рецептураларын жылыту мен уақытша сақтау;

арнайы өңдеу комплекттерін сұйықтықтармен жабдықтау; жасырушы аэрозольды бұркеулерді жасау; аймақтағы шаңды басу; өрт сөндіру; жеке құрамды жуу [6].

Қазақстан – әскери брондалған машиналарды жасайтын мемлекеттердің бірі. Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Қазақстан Парамант Инжиниринг» компаниясы «**Арлан**» брондалған доңғалақты машиналарын ҚР Қарулы Күштері мен арнайы қызметтері үшін шығаруда. Техниканың комплектациясына радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныстың жүйесі кіреді, бұл жүйенің радиациялық шаңның, газдық және биологиялық шабуылдардың таралу сын-тегеуріндеріне жауап беру мүмкіндігі бар. Транспорттық құралдың сүзгілі-желдеткіш жабдығы бірнеше сағат ішінде ауаны тазарта алады [7]. Қазіргі күнде «**Арлан**» брондалған машиналары блокпосттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде. **Блокпосттардың мақсаты**- инфекцияның таралуын болдырмау, міндеті - қаланың сыртқы периметрін қатаң бақылау және қала ішінде карантиннің қатаң режимін енгізу арқылы коронавирустың таралу тізбегін бұзу. Барлық блокпосттарда жергілікті полиция, эпидемиолог мамандар, әскери қызметшілер жұмыс істейді.

Қарулы Күштер мен Ұлттық Ұлан қызметкерлері қалалардың ішінде дезинфекциялауды жүргізу үшін газтұтқыштарды қолданады. Отандық газтұтқыштарды жасаумен Ақсай қаласында (БҚО) орналасқан «Guzu Almaty» жасау кершілігі шектеулі серіктестігі айналысады. 2015 жылдан бастап Guzu Almaty компаниясы «Gumárny Zubří» чех компаниясының қадағалауы мен технологиясының арқасында газтұтқыштарды шығаруды бастады. ҚР Қарулы Күштері қолданылып жүрген өнімдер: ОМ-90, СМ-КЗ, СМ-6 газтұтқыштары [8].

Әскери өнімдерді жасаумен қатар қазақстандық әскери кәсіпорындары медициналық құралдарды жасаумен де айналысады. Солардың бірі - «Тыныс» акционерлік қоғамы. Компания ел үкіметінің коронавирустық пандемияға қарсы қолданылатын шараларының аясында өкпені жасанды желдетудің аппараттарын ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне тегін беруде. Бұл – жаңа буындағы «Көкшетау-4» ӨЖЖ аппараты 2019 жылы құрастырылған және өкпені оттегі-ауа қоспасымен желдетуге арналған. «Тыныс» зауыты жедел жәрдем машиналарына орнату үшін ӨЖЖ мобильді аппараттарын шығаруды бастады. Таяудағы екі ай ішінде ӨЖЖ аппараттары Қазақстанның барлық өңірлеріндегі жедел жәрдем қызметтерінің қажеттілігін жабады. Осыған байланысты зауыт тәулік бойы үш ауысымды жұмысқа ауыстырылды [9].

Аталған әскери кәсіпорындармен қатар Қазақстанның басқа да компаниялары COVID-19 инфекциясына қарсы күреске қатысуда. Бүгінгі күні төтенше жағдай кезінде ҚР қорғаныс кәсіпорындары жалпы және медициналық мақсаттағы азаматтық өнімдерді шығаруға жұмылдырылған. Әскери кемелер мен катерлер өндіретін Батыс Қазақстандағы "Гидроаспап" және "Зенит" кәсіпорындары адамдар болатын әр түрлі аймақтарға өту кезінде дезактивацияны қамтамасыз ету үшін инженерлік қоршаулар мен арнайы тоннельдер өндірісін ұйымдастыруға кірісті. Солтүстік Қазақстандағы «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ және «Мұнаймаш» АҚ кәсіпорындары облысты автокөлікке арналған дезинфекциялық тосқауылдармен қамтамасыз етті. Түнге арналған әскери аспаптар шығаратын «Қазақстан Аселсан инжиниринг» АҚ Қазақстан-Түркия бірлескен кәсіпорны адамның дене қызуын өлшеуге арналған дистанциялық электрооптикалық құрылғылар өндірісін игеруде. Алматы қаласында орналасқан ұшпайтын қарулар мен практикалық оқ-дәрілер шығаратын Алма-ДК және Қалқан-7 зауыттары арнайы дезинфекциялау құралдары мен қорғау костюмдерін өндіруді ұйымдастырды. Бұдан басқа, қорғаныс өнеркәсібі зауыттары, соның ішінде №405 Алматы авиаөңдеу зауыты Қарулы Күштерге төтенше жағдай режимі шеңберінде іс-шараларды ұйымдастыруға қатысатын әскери қызметшілерді дезактивациялық құралдармен қамтамасыз ету үшін қаржылай көмек көрсетті [10]. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының әскери кәсіпорындары туындаған сын-қатерлерге қарсы шаралардан шет қалмай, республикалық және өңірлік жедел штабтардың міндеттеріне сәйкес COVID-19 инфекциясын таратпауға мол үлесін қосуда.

Қорытындылай келе, коронавирус пандемиясымен күрес жүргізу – бұл елдегі әртүрлі сала мамандарының, соның ішінде әскери кәсіпорын қызметкерлерінің басты міндеті екеніне көз жеткізіп отырмыз. Медициналық қызметкерлерді, дезинфекторларды, сарбаздарды және тағы басқаларды қажетті заманауи, отандық құралдармен, жабдықтармен, техникамен қамтамасыз ету - COVID-19 инфекциясының таралуын оперативті тоқтатуға, ауырып жатқан адамдарды емдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманда бүкіл ел және бүкіл әлем болып бірігетін болсақ, бұл ғаламдық мәселені ірі шығындарсыз шеше аламыз деп тайсалмай айтуымызға болады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Пандемия [Электрондық ресурс] URL: [https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc\\_medicine/22263](https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_medicine/22263)
2. Вспышка коронавирусной инфекции COVID-19 [Электрондық ресурс] URL: <https://www.who.int/ru/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019>
3. Коронавирусная инфекция COVID-19 [Электрондық ресурс] URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Коронавирусная\\_инфекция\\_COVID-19](https://ru.wikipedia.org/wiki/Коронавирусная_инфекция_COVID-19)
4. Распространение COVID-19 в Казахстане [Электрондық ресурс] URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Распространение\\_COVID-19\\_в\\_Казахстане](https://ru.wikipedia.org/wiki/Распространение_COVID-19_в_Казахстане)
5. Военные продолжают масштабную дезинфекцию в столице и Алматы [Электрондық ресурс] URL: <https://24.kz/ru/news/social/item/383096-voennye-prodolzhayut-masshtabnuyu-dezinfektsiyu-v-stolitse-i-almaty>
6. Авторазливочная станция APC-14KZ [Электрондық ресурс] URL: <https://cbrn.kz/avtorazlivochnaya-stantsiya-ars-14-kz/>
7. **Поставка новой партии БКМ Министерству Обороны РК и спецслужбам Казахстана [Электрондық ресурс] URL: <http://kpc.com.kz/rus/media/novosti/?cid=0&rid=175>**
8. Противогазы [Электрондық ресурс] URL: <https://guzualmaty.kz/gasmasks>
9. «Казахстан инжиниринг» передает на безвозмездной основе 180 комплектов ИВЛ [Электрондық ресурс] URL: [http://ke.kz/news/detail.php?ELEMENT\\_ID=258894](http://ke.kz/news/detail.php?ELEMENT_ID=258894)
10. Төтенше жағдай кезінде ҚР қорғаныс кәсіпорындары жалпы және медициналық мақсаттағы азаматтық өнімдерді шығаруға жұмылдырылған [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/miid/press/news/details/v-usloviyah-chp-oboronnye-predpriyatiya-rk-mobilizovany-na-vypusk-grazhdanskoy-produkcii-obshchego-i-medicinskogo-naznacheniya?lang=kk>